



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

25.01.2023 № 2-01-23-06646

29.12.2022ж. №ДЗ-397

Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісіне

Бас прокуратура 29.12.2022 жылғы екі немесе одан да көп рет немесе басқа сайлаушы үшін дауыс беру, азаматтарға басқа адамдар үшін дауыс беруге мүмкіндік жасау мақсатында оларға сайлау бюллетеньдерін тарату фактілері бойынша қылмыстық заңнаманы қатаңдату туралы депутаттық сауалды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Бүгінгі таңда аталған құқық бұзушылықтарды жасау ӘҚБтК-нің 108 және 110-баптары бойынша әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Бұл ретте, 2020 жылдан бері өткен әрбір сайлау науқанында мұндай жағдайлардың төмендеуінің тұрақты үрдісі байқалады (2020 жылы ӘҚБтК-тің 108-бабы және 110-бабы бойынша - 11 және 10 іс, 2022 жылы 4 істен).

Бұл үрдіс сайлау процесіне барлық қатысушылардың құқықтық мәдениетінің арта түсуімен байланысты.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы аталған бағытта учаскелік сайлау комиссияларының мүшелеріне және сайлаушыларына үлкен оқу-әдістемелік, сондай-ақ түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Осы жұмысқа прокуратура органдары да қатысады.

Аумақтық сайлау комиссияларының мүшелері 01.01.2023 жылдан бастап кәсіби негізге көшкенін ескерген жөн («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 19-бабы).

Барлық сайлау науқандарына бақылаушылар институты қатысады.

Қабылданған шаралардың жиынтығы жоғарыда аталған құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді, ал олардың жасалуының тікелей ниеті расталған жағдайда, кінәлінің әрекеттері Қылмыстық кодекстің 151-бабында көзделген қылмыс құрамының белгілеріне жатады деп санаймыз.

Осыған байланысты, көрсетілген кезеңде жоғарыда қаралған жағдайлар бойынша қылмыстық заңнаманы қатаңдатудан бас тартуға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

Б. Асыллов

орынд. А. Искендиоров
тел. 30 16 08



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

25.01.2023 № 2-01-23-06646
№ДЗ-397 от 29.12.2022г.

**Мажилис Парламента
Республики Казахстан**

Генеральная прокуратура, рассмотрев депутатский запрос от 29.12.2022 года об ужесточении уголовного законодательства по фактам голосования два или более раза или за другого избирателя, выдачи гражданам избирательных бюллетеней в целях предоставления им возможности голосования за других лиц, сообщает следующее.

На сегодня совершение данных правонарушений влечет административную ответственность по статьям 108 и 110 КоАП, соответственно.

При этом в каждую прошедшую выборную кампанию с 2020 года отмечается устойчивая тенденция снижения таких случаев (в 2020г. по ст.108 и ст.110 КоАП – 11 и 10 дел, в 2022 г. по 4 дела).

Эта тенденция связана с возрастающей правовой культурой всех участников избирательного процесса.

В этом направлении большую учебно-методологическую и разъяснительную работу с членами участковых избирательных комиссий и с избирателями проводит Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан. В данной работе участвуют также органы прокуратуры.

Следует отметить, что члены территориальных избирательных комиссий с 01.01.2023 года перешли на профессиональную основу (ст.19 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан»).

На всех избирательных кампаниях задействуется институт наблюдателей.

Полагаем, что совокупность предпринимаемых мер позволит предотвращать указанные выше правонарушения, а в случае подтверждения прямого умысла их совершения действия виновного подпадут под признаки состава преступления, предусмотренного ст.151 Уголовного кодекса.

В этой связи, полагаем возможным на данном этапе воздержаться от ужесточения уголовного законодательства по рассмотренным выше случаям.

**Генеральный Прокурор
Республики Казахстан**

Б. Асыллов

исп. А. Искендиоров
тел. 30 16 08